


А.Ш. Асқарова , Оспанова Г.Т.
Әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық университетінің доценті,
ф. ғ. к., Алматы қ., Қазақстан,
е-mail: altynai-74@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0001-8434-9610>

Әдеби сынның журналистикамен байланысы

Мақалада әдеби сынның қалыптасу, даму барысы қарастырылып, оның баспасөз аясында өсіп-жетілетіні негізделген. XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басындағы қазақ газет-журналдарындағы материалдарды талдай отырып, қазақ әдеби сынының қалыптасу эволюциясы көрсетілген. Баспасөз материалдары негізінде алғашқы сын мақалалардың жанрлық сипаты мен түрлері жіктелген. Сондай-ақ, тікелей газет, журнал контекстімен байланыстыратын әдеби сынның публицистикалық сыны ажыратылған. Түрлі баспасөз тарихындағы материалдар аясында эксперименттер жүргізу арқылы әдеби сынның публицистикалық сипаты, қазақ әдеби сыны әрқашанда әдебиетті тану ғана емес, сонымен қатар қоғамның да өзін-өзі тануы көрсетіледі және сыншы-публицистер әдебиет пен өнерге көбінесе ақиқатты танудың құралы ретінде қарағаны айқындалады. XX ғасырдың 20 жылдарынан бастап шыға бастаған, соңы XX ғасырдың 90-жылдарынан кейін пайда болған бірқатар әдеби журнал-газеттердің мазмұны сараптан өткізілген. Әдеби газеттер мен журналдардың әдебиет тарихынан алатын орны, байланысы жайлы жаңаша мәліметтер берілді. Мақаланың мақсаты - әдеби газеттер мен журналдардың әдебиет тарихынан алатын орны және сынның журналистика саласымен байланысын анықтау.

Тірек сөздер: әдеби сын, сын жанрлары, баспасөз, сыншы, сын эволюциясы, тарих, публицистика.

The relationship between literary criticism and journalism

The article deals with the formation and development of literary criticism and is based on its growing in the press. The analysis of materials in Kazakh newspapers and magazines of the late XIX - early XX centuries shows the evolution of the formation of the Kazakh literary criticism. The genre types and forms of the first critical articles are classified on the basis of publications. The difference between journalistic criticism and literary criticism in newspaper and magazine context is also distinguished. Although the literary nature of literary criticism and Kazakh literary criticism have always been not only the recognition of literature, but also the self-actualization of society. It can be concluded that literary critics are often considered by literature and art as a means of true recognition. The article analyzes the content of a number of literary magazines-Newspapers that appeared after the 90s of the XX century, starting from the 20s of the XX century. New judgments and research were given on the role of literary Newspapers and magazines in the history of literature. The purpose of the article is to determine the place of literary Newspapers and magazines in the history of literature and the relationship of criticism to the field of journalism.

Key words: literary criticism, genres, press, critics, evolution. journalism, publicistic style.

Связь литературной критики с журналистикой

В статье рассматривается процесс становления и развития литературной критики, основана на ее росте в прессе. Анализируя материалы казахских газет и журналов конца XIX - начала XX вв, показана эволюция формирования казахской литературной критики. Исследование закладывает жанровые типы и типы первых критических статей классифицируются на основе печатных материалов. Также, выявлено различие литературной критики и публицистики, связанная непосредственно с контекстом газеты,

журнала. Проводя эксперименты в рамках материалов в истории различных печатных изданий, определяется, публицистический характер литературной критики, казахская литературная критика всегда показывается не только познание литературы, но и самообразование общества, и выявлено что критики-публицисты относились к литературе и искусству как средство познания истины. Проанализировано содержание ряда литературных журналов-газет, появившихся после 90-х годов XX века, начиная с 20-х годов XX века. Непосредственное влияние жанров литературной критики на развитие печати сформулировано с помощью конкретных цитат. Даны новые суждения и исследования о роли литературных газет и журналов в истории литературы. Цель статьи-определить место литературных газет и журналов в истории литературы и связь критики с областью журналистики.

Ключевые слова: литературная критика, критические жанры, пресса, критика, эволюция критики, история, публицистика

Кіріспе. Сын өзінің даму, қалыптасу және көрініс табу арнасы тұрғысынан журналистика саласымен тығыз байланыста. Әдеби сынның жеке сала ретінде жетілуі мен оның тұрақты оқырмандар ортасымен қамтамасыз етілуі журналистика саласының дамуымен тікелей байланысты. Өйткені, әдеби сын көркем шығарма тәріздес жеке басылым ретінде әрекет етуі мүмкін емес, яғни, сынның негізгі көрінер арнасы – баспасөз. Бұл қажетті контексті сынға журнал, газет және қазіргі таңда интернет жасайды.

Сынды тек эстетикалық құбылыс деп қана санауға болмайды. Ол сонымен қатар қоғам мен заман ыңғайына бейімделеді. Сондықтан оның қоғамдық-әлеуметтік мәні ерекше, әрі ой өсіру мен сана-сезім тәрбиелеудің құралы да болып табылады. В.Г. Белинский: “Газет-журналдың айбары да, беделі де сын екенін ұмытпайық” – деуі де содан. Баспасөз болған жерде сын болатыны мәлім. Ал баспасөздің жарық көруі жазба әдебиеттің тез арада өсіп, дамуына септігін тигізеді. Сондықтан жазба әдебиет болғандықтан, оған деген сыни көзқарастың болуы әбден мүмкін. Белгілі сыншы-ғалым Т. Кәкішұлы: “Қазақтың әдеби сынының тууына бір-бірімен іштей байланысып, бір-біріне творчестволық ықпал жасаған үш сала, атап айтқанда, қазақтың жазба әдебиеті, публицистикасы және баспасөзі айрықша әсері еткені аян” дегеніне құлақ асқан орынды. (Kakishuly T. 2013:400.). Ғалым Д. Ысқақұлының «Сын өнері» еңбегінің «Сынның публицистикалық сипаты» тарауындағы: «...Сынның негізгі өмірі – баспасөзде. Баспасөз бар жерде әдеби сын да бар. Сынның дамуы баспасөздің дамуымен тікелей байланысты. Баспасөз жоқ кезде шын мәніндегі әдеби сын да болмайды. Баспасөз – сынның өмір сүру формасы, даму арнасы» – деп анықтама берген. (Үсқақұлы Д.2001:304.). 1936 жылы В. Г. Белинский «Журнал өзінің айбындылығына сын алдында тәуелді. Сынсыз журнал бетсіз образ, тірі органикалық бірлік емес, анатомиялық құрал» деп анықтама берген екен. (Belinski V.G. 1948:227).

Қазақ журналистикасы тарихында әр жанрдағы шығармалар жинағы болған басылымдар көпшілік, яғни әдеби үрдістің бір шырағы тәріздес. Алғашқы шығармалар нұсқасын оқырман қауым журналдардан оқиды. Журналдың энциклопедизмі әдеби-қоғамдық және ғылыми өмірдің барлық қырларын қамтиды деп айтуға болады. Сын әдеби үдерістің бір тамыры ретінде газет-журнал бетінде өрістейді. Яғни, екі сала бір-бірін өз қажеттеріне қарай кеңінен қолданады. Сын жанрларының сыртқы формасы баспасөздікі де, ішкі мазмұнына сынның міндеті жатады.

Эксперимент. Революцияға дейін қазақ тілінде 14 газет, 1 журнал шыққан екен. Ал революциядан кейін 1917-1920 жылдар аралығында олардың саны 25 - 26 ға жуықтаған көрінеді. Ал, 1920 жылдан кейін олардың қатары едәуір көбейген. Қазақ даласының ең алғашқы мерзімді басылымдары «Түркістан уәлаятының» газеті (1870-1882), «Дала уәлаятының» газеті (1988-1902), «Серке» (1907), «Қазақ» газеті (1907), «Дала» газеті (жылы белгісіз), «Қазақстан» газеті (1911-1913), «Айқап» тұңғыш журналы (1911-1915), «Қазақ» газеті (1913-1918), «Ешім даласы» (1913), «Садақ» (1915-1918) қолжазба журналы, «Алаш» (1916-1917) газеті, 1917-1918 жылдары шығып тұрған «Сарыарқа» (1917), «Бірлік туы»

(1917), «Ұран» (1917), «Тіршілік» (1917), «Үш жүз» (1917), М.Жұмабаев басшылығымен шыққан қолжазба «Айна» журналы, «Жас азамат», кім шығарғаны белгісіз «Жаңа заман» газеті, одан бөлек қолжазба «Талпын», «Абайлау» қабырға газеттері, «Ғалия» шәкірттері шығарған сатиралық қолжазба «Тұзақ», «Бұлтартпас» журналдары, 1918 жылдан бастап шыққан «Абай», «Ақжол», 1919 жылы шыға бастаған «Дұрыстық жолы» газеті, тұңғыш педагогикалық журнал «Мұғалім», «Кедей сөзі» (1920) мен «Кедей тілі» (1920) газеттері, 1921 жылдан бастап шыға бастаған «Бостандық туы», «Қызыл Қазақстан», «Еңбекші қазақ», «Жас алаш», «Шолпан», 1923 жылдан бастап шыға бастаған «Сана», «Темірқазық» (1924) газет-журналдары болды.

Әдеби сын баспасөзге байлаулы жанр, сол арқылы қалыптасып, әдебиеттану ғылымының жеке саласына айналғанын ескерсек, бұл орайда қазақ әдеби сынының тууы мен қалыптасуында газетпен журналдың тарихи маңызы ерекше екендігі сөзсіз. Олар жарық көргеннен бастап әдебиетімізге қатысты дүниелерге ерекше назар аударылды. Өлең-жыр, әңгіме, жолжазба, очерк, сыни-танымдық мақала, портрет, ғұмырнамалық шығармаларға өз бетінен үнемі орын беріп отырды.

Т. Кәкішұлы “Айқап” бетіндегі сын екертпелер мен мақалаларды екі салаға бөліп қарастырған: біріншісі, педагогикалық сипаты айқын сыншылық ой-пікірлер; екіншісі, әдебиетке тікелей қатысты жайлардан өрбитін сыни ойлар. Бұлайша екі топқа бөліп, жіктей қарастыруда қисын жоқ емес. Қазақты оқу-білімге жалаң үндеп қана қоймай, білім алудың кілті – оқу құралдарын жазу, емле мәселесін бір жүйеге түсіру, қазақ тілінің заңдылығына сәйкес грамматика түзу, оқытудың әдіс-тәсілдерін жасау сияқты керекті жұмыстарға жолбасшылық көрсетуде “Айқап” қызметі ерекше болғанын ғалым жан-жақты танытқан. Журналдағы педагогикалық сипаттағы сын-пікірлердің бір парасы оқу құралдары – әліпбилерге арналды. Мәселен, “Айқаптың” 1911 жылғы № 4 нөмірінде “Кітаптар жайынан” деген тақырыпта Ибраһим Алтынсариннің орыс ғарпімен бастырған “Хрестоматия” деген араб ғарпымен қайта бастыру мәселесі. “Айқап” журналы оқу құралдарына, “Әліпше” кітаптарына жарнама сын жариялаумен қатар, қазақ тілінің грамматикасына, емле мәселелеріне де назар аударған. “Айқаптың” қазақ тіл білімінің негізін қалап, оның жеке ғылым саласына айналуына үлес қосқаны жайлы А.Байтұрсыновтың 1912 жылғы “Айқаптың” 4-5 сандарында жарияланған “Жазу тәртібі” мақаласы. Әдебиетке қатысты жайлардан өрбитін сыни ой-пікірлерге жарнама-сын, рецензияларды, әдеби шолуды жатқызады. “Айқап” бетінде отызға тарта өлең жинақтары азды-көпті сөз болып, сыни пікір айтылды. Бұл жазылғандардан сыншылдық ой-пікірлер осы “Айқап” журналы мен “Қазақ” газеттерінде жандана түскенін байқатады. Қазақ әдеби сын тарихына қосқан үлесі мол екенін, сын жанрларының қалыптасып, дамуынан-ақ аңғаруға болады.

Осындай журнал қатарына, ғасырға жуық тарихы бар 1922 жылдан бастап жарық көрген әдеби-көркем, қоғамдық-әлеуметтік тақырыбын қамтыған «Жұлдыз» журналы жатады. «Жұлдыз» журналы ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап әр тақырыптағы туындылар жинағы болуымен қатар, әдеби үдерістің бір бөлігі ретінде тұтасқан және аяқталған әдебиет шежіресі тәріздес басылым деп айтуға болады. Ол «Шолпан» (1922), «Таң» (1924) журналдарының ізбасары саналады. Алғашқы саны 1928 жылы жарық көрген. Әр жылдары "Жаңа әдебиет" (1928 -1932), "Жыл құсы", "Әдебиет майданы" (1932 - 39), "Майдан" (1941-19 45), "Әдебиет және искусство" (1939 -1941; 1945 - 57) атауымен шығып тұрған. 1957 жылдан "Жұлдыз" деген атпен шығады. Журналдың қалыптасуына қазақ әдебиетінің классиктері Б.Майлин, І.Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқанов көп еңбек сіңірді. Алғашқы редакторы - С. Сейфуллин болған. Журналға Ғ. Мүсірепов, З.Қабдолов, Ә. Нұрпейісов, С. Мәуленов, Ш. Мұртаза, Б.Тілегенов, М. Мағауин әр жылдары бас редактор болған. Журналдың "проза", "поэзия", "Ислам тағылымы", "әдеби мұра", "зерде", "әдебиеттану", тағы басқа бөлімдерінде қазақ ақын-жазушыларының жаңа шығармалары, өнер туындылары, қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне, өнері мен әдебиетіне қатысты мақалалар жарияланып келеді. Қазақстан суретшілерінің

шеберханасынан алынған суреттер жеке беттерде беріледі. «Жұлдыз» журналының алғашқы шығарылымы «Шолпан» журналы – Ташкентте 1922 жылдың қазан айынан 1923 жылдың маусымына дейін жарық көріп тұрған «саясат-шаруашылық, білім-әдебиет туралы айында бір шығатын «қырғыз-қазақ» басылымы. Журналдың бар болғаны 8 басылымы жарық көрген. Шығарушысы (бас редактор) – Иса Тоқтыбаев. Журнал маңына алаштың ұлтжанды азаматтары шоғырланған. Олар: Н.Төреқұлов, О.Жандосов, С.Қожанов. М.Дулатов, К.Бөриев, Х.Досмұхамедов, Ә.Диваев, М.Жұмабаев, М.Әуезов т.б. Журналдың алғашқы саны ғана жеке басылған, кейінгі сандары 2-3, 4-5, 6-7-8 болып бірге шыққан. Бұдан ары журнал шықпай қалады. Бұның себебі «Қазақстан ұлттық энциклопедиясының» 4-томында былай көрсетілген: «... жеке мақалаларында буржуазияшыл-ұлтшылдық қате тұжырымдарға жол берілген деп есептеліп, осыған байланысты журнал 8 саны шыққаннан кейін 1923 жылдың мамыр айында жабылды».

Журналдың алғашқы саны 1922 жылдың 15 қараша күні жарияланды. Алғашқы басылымдағы бөлімдер: Саяси һәм жалпы бөлім, шаруашылық, партия тіршілігі, білім бөлімі, әдебиет бөлімі, бұйрық – жарлықтар. Бұл санда әдебиет бөлімінде жарық көрген мақала, шығармалар: Ә. Диваев «Әділ би», Р. Төлешұлы «Тау асар есепші», Ғ. Балақадырұлы «Шолпанға», С.Сейфуллин «Түркістанда халық ағарту ісі», «Сұлу батыр». Журналдың 2-3 саны 1922 жылы қараша-желтоқсан айларында жарық көрді. Бұл санда «Қоңыр» бүркеншік атымен М.Әуезовтың «Қызыл сұңқарлар» атты сыни мақаласы жарық көрді. Ал төртінші саны 1923 жылы қаңтар айында жарық көрген. Бірақ бұл сан тек 3 бөлімнен тұрады. Олар: саяси һәм жалпы бөлім, ғылым бөлімі, әдебиет бөлімі. Жалпы аталған сандарда «Қорқыт», «Батыр Баян», «Ләйлі-Мәжнүн», «Оқыған азамат», «Шолпанның күнәсі», «Қысқы түн» сияқты шығармалар жарық көрді. Журналдың «Жұлдыз» болып жарық көруі 1976 жылдан басталады. Журнал мұқабасында 1999 жылға дейін 1928 жылдан бастап жарық көргендігі жазылса, 1999 жылдан бастап 1922 жылы деп жазылған. Журнал айына бір рет шығып, жылына 12 саны жарық көріп тұрды. Желтоқсан айында жарық көрген санында барлық жылдың қорытындысы беріліп отырды. Журнал мынадай бөлімдерден тұрады: 1. Роман, повесть, әңгіме; 2. Өлең, поэма, дастан; 3. Очерк және публицистика; 4. Өнер және ғылым; 5. Сын және библиография; 6. Жаңа кітап жайлы. Журналдың бас редакторы - Бекежан Тілегенов. Кейіннен біршама жылдар бұл қызметті Мұхтар Мағауин атқарды. Редакция алқасы қатарында біршама ақын-жазушылар болды. Олар: Рахманкүл Бердібаев, Ахат Жақсыбаев, Сәкен Жүнісов, Ғафу Қайырбеков (бас редактордың орынбасары), Мұхамеджан Қаратаев, Сабыл Мәмбеев, Сайын Мұратбеков, Қадыр Мырзалиев, Қалаубек Тұрсынқұлов, Шаим Шаваев. Бұл журналда белгілі ақын-жазушылардың өлеңдері, әңгімелері, роман, повесть, сыни мақалалары жарық көріп тұрды. Повесть, романдар әрбір санда бөлім-бөлім болып жарық көрді.

Журналдың 2000 жылғы басылымдарына біраз өзгерістер енгізілді. Бөлімдер саны, мазмұны алмастырылды. Олар: 1. Проза, поэзия; 2. 2000 – мәдениетті қолдау жылы; 3. Әдеби мұра; 4. Әдебиеттану; 5. Саясат және әлеумет; 6. Алтыншы дәптер; 7. Хат-хабар, ой-толғам. Осы жылғы басылымдарда әлем әдебиетінен аудармалар жариялана бастады. «Дін-ислам дәрістері» атты тарау жарияланды. Мұхтар Мағауиннен кейін бас редакторлық Ұлықбек Есдәулетке болды. 2010 жылдардан бастап Қазақстан жазушыларының әдеби әлеуметтік журналы атанды. Қазіргі кезде журналдың бас редакторы – Ғалым Жайлыбай. Журнал мұқабасы өзгергенмен бөлімдер, мазмұны сол алғашқы басылымдардан көп айырмашылығы жоқ. Журнал қазірде айына бір рет жарияланып тұрады.

«Абай» - республикалық фольклорлық-этнографиялық, тәуелсіз әдеби-көркем журнал. 1992 жылы жарық көрген. Меншік иесі – «Парыз» шығармашылық тобы мен ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі. Таралымы - 1000 дана (2013 жылы). «Айбергенов әлемі» - республикалық әдеби-мәдени журнал. 2010 жылы жарық көрген. Жылына төрт рет шығады. Таралымы – 3000 дана (2013). «Әдебиет Қазақстан мектебінде – Литература в казахстанской школе» - ғылыми-әдістемелік журнал (2007). Таралымы – 2000 дана (2013). Жылына 6 рет шығады. «Әлем әдебиеті» - әдеби-көркем және публицистік журнал. 2006

жылы жарық көрген. Таралымы – 3000 дана, жылына 4 рет шығады. «Жалын» - әдеби-көркем және әлеуметтік журнал. 1969 жылы жарық көрген. Таралымы – 1583 (2013). Айына бір рет шығады. «Жамбыл» - әдеби-көпшілік, танымдық журнал. 2004 жылы жарық көрген. Жылына 4 рет жарық көреді. Таралымы – 3250 (2013). «Қазақ және әлем әдебиеті – Казахская и мировая литература» - республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал. 2004 жылы жарық көрген. Таралымы – 1500 дана (2013), жылына 6 рет шығады. «Қазақ тілі мен әдебиеті» - республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал. 2004 жылы жарық көрген. Таралымы – 4531 дана (2013), жылына 12 рет шығады. «Қаламгер» - халықаралық ақпараттық, танымдық-талдамалық, көркем-әдеби журнал. 2013 жылы жарық көрген. Айына бір рет шығады. Таралымы – 1000 дана. «Қасым» - республикалық әдеби-қоғамдық журнал. 2011 жылы жарық көрген. Таралымы – 3000 дана (2013), жылына 6 рет шығады. «Мұқағали» - республикалық әдеби-мәдени журнал, 2006 жылы жарық көрген. Таралымы – 6930 дана (2013). «Простор» - литературно-художественный журнал. 1933 жылы жарық көрген. Құрылтайшысы – Қазақстан Жазушылар одағы. Таралымы – 1104 дана (2013), ай сайын шығады. «Тұмар» - республикалық әдеби-көркем журнал. 2008 жылы жарық көрген. Таралымы – 1000 дана (2013). Жылына 6 рет шығады. «Үркер» - жастардың әдеби-мәдени, қоғамдық-саяси журналы. 2009 жылы жарық көрген.

Егер 1990 жылға дейін Қазақстанда үш әдеби-көркем журнал (Жұлдыз, Жалын, Простор) жарық көрсе, тәуелсіздік жылдарында олардың саны артты. Алайда олардың саны көбейгенімен, барлығының жиынтық таралымы «Жұлдыздың» 1990 жылғы таралымына жетпейді. Мысалы, «Жұлдыз» журналы 1980-90 жылдар аралығында 3000 мыңдай данамен таралған.

Баспасөзде жарық көретін әдеби сын мақалалар журналдың қоғамдық-саяси бағытына орайласатыны байқалады. Мысалы, XX ғасырдың басындағы журнал-газеттердің бағыты, ең алдымен, әлеуметтік-саяси тақырыптарды игеріп, одан кейін әдеби-эстетикалық көзқарастағы мақалалар қамтылған.

XIX ғасырдан бастап әдеби сынның тарихында газеттер де елеулі орын алады. Әдеби сын баспасөз бетінде өмір сүреді. Сондықтан да әдеби сынның дамуы баспасөздің дамуымен тікелей байланысты. Қазақ даласында “Түркістан уалаятының газеті” (1870-1882), “Дала уалаятының газеті” (1888-1992) газеттерінің шыға бастауымен бірге олардың беттерінде әдеби ой-пікірлер де көрініс тапты. Бұл газеттерде саяси-экономикалық мәселелермен қатар, оқу-ағарту жұмысының жай-күйін, өнер-білімнің пайдасы, орыс ғылымы мен мәдениетінің жетістігі туралы мақалалар жарияланған. Біраз кітаптарға жазылған мақалалар арқылы сыни ой-пікірдің туа бастағаны аңғарылады. “Қисса Қожа Ғафан һәм Садуақас” деген кітапқа жазылған мақалада “Қазақ тілінің тазалығын сақтау, оны бөтен, түсініксіз сөздермен шұбарламау”, жайында ой айтылғанын ауыз әдебиет үлгілерін іріктеу, жүйелеу, құндыларын жариялау мәселесіне назар аударылған. “Дала уалаяты газетінің” әдебиет пен өнерге, аңыз бен жырға, тарихи шежірелерге байланысты материалдары елдің санасын ояту бағытында үлкен еңбек сіңірген. Мысалы, А.Құрманбаевтың “Қазақ тілі хақында” мақаласындағы қазақ тілінің тазалығын сақтау жайында, Д.Сұлтанғазиннің қазақ тілі жайында жазған мақалалары “Дала уалаяты газетінде” жарық көрген Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің Абай өлеңдері жайлы мақаласы қазақ әдебиеті тарихында Абай атының аталуына себеп болған көрсеткіш.

Қазақ әдеби сынының дамуына үлес қосқан газеттердің бірі XX ғасыр басында жарық көріп тұрған «Қазақ» газеті. Сыншы Т. Кәкішұлы “Қазақ” газеті А.Байтұрсынұлының ағартушылық идеясын насихаттаумен қатар, нақты практикалық тұрғыдан шешуге, іске айналдыруға тырысқандығымен дараланады деп көрсетеді. Басылымдар жекелеген тұлғаларға, оның ішінде тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі тілдес елдердің ұлы перзенттеріне арналған ғұмырнамалық құнарлы мақалалар мен мәнді зерттеулер десе де болғандай. Тарихи танымды мақалалар әсіресе, М.Сералин қаламынан көбірек туған. “Маржани”, “Ғабдолла Тоқаев”, “Жуырда орны толмастай өлім”,

И.Гаспринскийдің 1914 жылы 1 қыркүйекте қайтыс болғанына байланысты оның өмір тарихы мен шығармашылық еңбегіне тоқталған. М.Дулатовтың қаламынан “Тоқай”, “Ахмет Иасауи”, “Абай”, “Шоқан” сияқты мақалалары тарихи құндылығымен ерекшеленетінін жазған. А.Байтұрсынұлының “Исмаил Гаспринский” атты мақаласында жалпы түркі үшін еткен еңбегі бағаланса, Г.Н.Потанин туралы Бөкейхановтың, М.Шоқаевтың Әбубәкір Диваев жайында жазған мақалалар таныстыру-таныту мақсатын көздеген.

Әдеби сын баспасөзге байлаулы жанр, сол арқылы қалыптасып, әдебиеттану ғылымының жеке саласына айналғанын ескерсек, бұл орайда қазақ әдеби сынының тууы мен қалыптасуында ХХ ғасыр басындағы “Айқап” журналы мен “Қазақ” газетінің тарихи маңызы ерекше екендігі сөзсіз. Олар жарық көргеннен бастап әдебиетімізге қатысты дүниелерге ерекше назар аударылды. Өлең-жыр, әңгіме, жолжазба, очерк, сыни-танымдық мақала, портрет, ғұмырнамалық шығармаларға өз бетінен үнемі орын беріп отырды.

Ақ Жол газеті – Қазақстанның қоғамдық-саяси ойының және мәдени-ағарту ісінің дамуына ықпал еткен газет. Ол 1920 - 25 жылдары Ташкентте Түркістан Компартиясы ОК мен ТүрККСР-ы ОАК-нің органы, 1925 - 26 жылдары Шымкентте БК(б)П Сырдария губкомының органы ретінде шығарылды. Алғашқы редакторы – С.Қожанов. Кейін газетті шығарушы, редакторлардың ішінде Н.Төреқұлов, С.Оспанов, И.Тоқтыбаев т.б. болды. Оның жұмысына М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, І.Жансүгіров, А.Байтұрсынов, Б.Сүлеев, Т.Шононов т.б. қазақ зиялыларының үлкен шоғыры араласқан.

Басылым беттерінде Алаш қозғалысының қайраткерлері қазақ халқының мүддесіне қатысты тақырыптарды қозғап, құнды мақалалар жариялады. Газеттің саяси-идеялық бағыты құрылтайшыларына ұнамады. Оның жұмысына көп кедергілер жасалды. Коммунистер «қызыл» деген сөзі бар атауды алмай, газеттің «Ақ жол» атануының өзінен күдікті мән іздеді. Осыған орай С.Қожанов «Ақ жол» біздің ақ батамыз, ақ жүрегіміз, ақ көңіліміз екенін қазақ-қырғыз жұрты ақылымен біліп, жүрегімен сезеді» деп жазды. 1925 жылы 29 мамырда И.В.Сталин РК(б)П Қазақ өлкелік комитетіне жолдаған «Қазақ баспасөзі туралы» хатында «Ақ жол» мен «ақгвардияшыл эмигрант» М.Шоқай арасында идеялық бірліктің байқалатындығын жазып, партияда жоқ интеллигенттерді коммунистік басылымға жолатпауды талап етті. Сталиннің хаты ескі интеллигенцияны қуғындауға жол ашып, 20-жылдардың алғашқы жартысында Қазақстанда жарық көрген ұлттық басылымдарға үлкен соққы болып тиді және жариялық пен демократиялық атаулыны әміршіл-әкімшіл жүйемен ауыстыруға негіз берді. «Ақ жол» газеті халық алдындағы борышын адал орындаған, ұлттың рухын көтеретін басылымдардың бірі болды. (Enciklopedialyq anyqtamalyq. 2010).

«Жас Алаш» газеті – жастарға арналған ең байырғы және беделді республикалық басылым. Алғашқы саны 1921 жылы 22 наурызда Ташкент қаласында жарық көрді. Ұйымдастырушысы әрі тұңғыш редакторы Ұ.Мұратбаев, жауапты хатшысы І.Жансүгіров болды. Сол кездегі қаржы тапшылығына, т.б. себептерге байланысты басылым «Жас қайрат», «Өртең», «Жас қазақ» газеттері және осы аттас журнал түрінде шығып тұрды. Газеттің жабылып қалмауын ойлаған С.Садуақасов, А.Байтұрсынов, Б.Майлин, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ж.Аймауытовтар “Еңбекші қазақтың” бір бетін «Лениншіл жас» деген атпен де шығарған. Газет 1927 жылы 22 қыркүйектен «Лениншіл жас» деген атпен шыға бастады. Бұл басылым қай кезде де қазақ жастарының азамат болып қалыптасуына үлкен еңбек сіңірді. (Enciklopedialyq anyqtamalyq. 2010). «Қазақ әдебиеті» газеті – Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер газеті. Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шыға бастады. Газет беттерінде қазақ ақын жазушыларының өлең, жыр, дастандары, әңгіме, очерктері, роман, повестерінен үзінділер, байырғы мәдени қазынамыздың ел аузында жүрген асыл үлгілері, көне тарихымызға қатысты деректер мен археологиялық-этнографиялық мұралар, қазақ әдебиетінің өткені мен бүгіні және келешегі жайлы байыпты әдеби-сын мақалалар; елдік елеулі мәселелер – қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени оқиғалар жөнінде публицистік өткір ой-толғаулар, дүние жүзі классиктерінің үздік

туындыларынан аудармалар жарияланады. Сонымен бірге оқу-ағарту, білім, ғылым саласындағы әр алуан көкейкесті мәселелерді сөз етеді. Кино, театр, сымбат, қолөнерінің келелі тақырыптарын кеңінен толғап, белгілі әдебиет, өнер қайраткерлерімен сұхбат жүргізіп, олардың жаңа шығармашылық туындыларын оқырмандарға таныстырып отырады. (Enciklopedialyq anyqtamalyq. 2010).

«Ана тілі» - ұлт газеті. Алғаш жарық көруі: Республикалық «Ана тілі» газеті тәуелсіздіктің жылымығы есе бастаған 1990 жылы, Ұлыстың ұлы күні наурыздың 22-сінде жарық көрді. Бағыты: «Ана тілі» – Мемлекеттік тілдің бірден-бір жоқшысы, үні айбары. Республикадағы тіл тақырыбында шығатын ресми жалғыз басылым. «Ана тілі» тек Мемлекеттік тіл ғана емес, ұлтқа қатысты кез келген күрмеулі мәселелерді көтеріп келеді. Қазақтың тілі, қазақтың ауылы, қазақ мектебі, балабақшасы, қазақ жастары, қазақ ғылымы, т.б. көптеген тақырыптар басылым беттерінен түсіп көрген емес. (Enciklopedialyq anyqtamalyq. 2010).

Нәтиже мен талқы. Сонымен, эксперимент нәтижелерін зерделей келе мынадай қорытындыға келдік: Әдеби газеттердің әдеби сынды дамытуға әсер ықпалы зор болғанымен, кейде мүмкіншілігінің де шектеулі екендігін жасыруға болмайды. Өйткені белгіленген көлемі шектеулі болғандықтан, сыни мақалаларға көп орын бере алмайды. Сыни мақала әдеби шығармалар, жазушы шығармашылығынан басқа, сол туынды өмірге келген мәдени-тарихи, қоғамдық мәселелерді де қарастырады. Тікелей газет, журнал контекстімен байланыстыратын әдеби сынның бұл қасиеті публицистикалық сын деп аталады. Публицистиканың өзіне тән қасиеті оның жылдамдығында, өмірге және қоғамдық көзқарасқа дер кезінде әсер етуінде. Автордың замандасы болып табылатын сыншы үшін, әдетте, шығармада уақыттың нақты, шынайы бейнесінің көрініс табуы маңызды. Сондықтан сыншы заман сипатына, қоғамдағы көркем мәдениеттің деңгейіне, шығарманы талдауда өзі қызығушылық танытқан мақсатқа қарай шығарманы талдау нысанына айналдырады.

Сыни интерпретация жасаудың маңызды принципі – көркем шығарманы нақты қоғамдық-мәдени ахуалға орай өзектендіру. Әдеби сынның публицистикалық сипаты жазушының шығармада көрініс тапқан тарихи-әлеуметтік аясына орай бағалауынан байқалады. Дегенмен қоғамдық өмір құбылыстары әдеби сынның тікелей объектісі болмауға керек. Қазақ әдеби сыны әрқашанда әдебиетті тану ғана емес, сонымен қатар қоғамның да өзін-өзі тануы болды десек, артық айтқандық болмайды. Сондықтан да сыншы-публицистер әдебиет пен өнерге көбінесе ақиқатты танудың құралы ретінде қарайды. В.В.Розанов былай деп жазады: «Әдебиетке өмірлік мән дарытатын, оған барынша қызығушылықты туындататын, оның тарихи аяда дамыған қоғамның рухымен үндестіретін қуат сиялатын сыншы болмаса, мұны атқару мүмкін болмас еді. Тап осы сынның әсерімен әдебиет біздің өмірімізде елеулі мәнге ие болды. Жазушы біздің қоғам мен тарихта жұртшылық пікіріне құлақ асатын маңызды тұлғаға айналды» (Rozanov V.V. 1996: 236.). Публицистикалық сынның мән-мағынасының салмақтылығы қоғамдағы елеулі өзгерістердің, саяси ахуалдың күрт өзгеруіне байланысты болады. Мәселен, сыншыны қоғамдық-саяси мәселелер ғана алаңдатпайды, сонымен қатар ол моральдық мәселелерді де қарастырады және оқырманның эстетикалық талғамын қалыптастырады. Көркем шығармада автор оқырманмен сырттай сыр-сұхбат құра алмаса, сыншылар оқырмандармен тікелей диалогке түсіп, белгілі аудиторияға ие бола алады. Мақаланың композициялық құрылымын анықтау, диалог формасында ұйымдастыру - сыншының өзіндік ерекшелігі болып табылады.

Қорытынды. Сонымен, жоғарыдағы дәйектер баспасөздің қазақтың қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятып қоймай, оған жол ашқандығын, баспасөз бетіндегі материалдар қазақ әдебиет сынының кең арна тауып кетуіне мүмкіндік бергендігін көрсетеді. Әдеби сын баспасөзге байлаулы жанр, сол арқылы қалыптасып, әдебиеттану ғылымының жеке саласына айналғанын ескерсек, бұл орайда қазақ әдеби сынының тууы мен қалыптасуында журнал мен газет тарихи маңызы ерекше екендігі сөзсіз. Әдеби газеттер мен

журналдардың әдебиет тарихынан алатын орны ерекше. Яғни, сынның дамуы журналистика саласының дамуымен тікелей байланысты.

Әдебиеттер

- 1 Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Астана, Фолиант, 2013. –400 б.
- 2 Ысқақұлы Д. Сын өнері. – Алматы, ҚАЗАқпарат, 2001. –304 б.
- 3 Белинский В.Г. Собр.соч.:в 3 Т.І. Статьи и рецензии. 1811–1911. – Москва, 1948. –227 с.
- 4 Суханбердина Ү., Дәуітов С. Айқап. – Алматы, 1995. – 368 б.
- 5 www.writerhouse.kz
- 6 www.mukagali.kz
- 7 www.kazgazeta.kz
- 8 Суханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ. Қазақ газеті: Алаш азаматтарының рухына бағышталды. – Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 1998. –560 б.
- 9 <https://qazaqadebieti.kz>
- 10 <http://anatili.kazgazeta.kz/>
- 11 Zhasalash.kz
- 12 <https://aqjolgazet.kz/>
- 13 Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
- 14 В.В.Розанов. Собр.соч. Легенда о Великом инквизиторе Ф.М.Достоевского. Литературные очерки. О писательстве и писателях. – Москва, 1996. – 236 с.
- 15 Асқарова А. Қазақ әдебиеті сынының тарихы (теория, тарихи мәселелері және оқу методикасы) – Алматы, Қазақ университеті, 2019. –209 б.

References

- 1 Kakishuly T. (2013). Qazaq adebieti synynyn tarihy.[History of Kazakh literary criticism] – Astana, Foliant. –400 b.
- 2 Ysqaquly D. (2001). Syn öneri.[Art of criticism] – Almaty, QAZAqparat. –304 b.
- 3 Belinskıı V.G. (1948).Cobr.soch.:v 3T.I.Statıa ı resenziı. 1811–1911. [Collection Composition: in 3 T.I. Articles and reviews. 1811–1911.] – Moskva. –227 s.
- 4 Suhanberdına U., Dauitov S. Aıqap. [Regret] – Almaty, 1995. – 368 b.
- 5 www.writerhouse.kz
- 6 www.mukagali.kz
- 7 www.kazgazeta.kz
- 8 Suhanberdına U., Dauitov S., Sahov Q. Qazaq. [Kazakh] – Almaty, Qazaq enciklopedıasy, 1998. –560 b.
- 9 <https://qazaqadebieti.kz>
- 10 <http://anatili.kazgazeta.kz/>
- 11 Zhasalash.kz
- 12 <https://aqjolgazet.kz/>
- 13Enciklopedialyq anyqtamalyq. (2010). [Encyclopedic Reference].– Almaty: «Aruna JSHC.».
- 14 Rozanov V.V. (1996). Cobr.soch. Legenda o Velikom inkvizitore F.M.Dostoevskogo. Literaturnye osherkı. O pisatelstve ı pisatelah. [Collected The legend of the Grand Inquisitor F.M.Dostoevsky. Literary essays. About Writing and Writers]. – Moskva. –236 s.
- 15 Asqarova A. Qazaq adebieti synynyn tarihy (teoria, tarihy maseleleri zhane oqu metodikasy) – Almaty, , Qazaquniversiteti, 2019. –209 b.